

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Жапонияның мәдени және рухани мұрасының ажырамас бөлігіне айналды. Фудзивара әулеті және оның халқы елдің байлығы мен мәдениетінің әртүрлілігіне үлес қосты.

Фудзивара әулеті Жапония тарихындағы рөлі мен әсерін зерттеу бізге көптеген ғасырлар бойы жапон қоғамының дамуын анықтайтын процестердің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жапония тарихындағы ең ықпалды және асыл отбасылардың бірі Фудзивара әулеті елдің саяси, әлеуметтік және мәдени өмірінде шешуші рөл атқарды. [1]

Тарихи маңызы: Фудзивара әулеті Жапон мемлекетінің қалыптасуы мен тұрақтануына айтарлықтай үлес қосты. Ол жапон тарихының әртүрлі кезеңдерінде саяси биліктің едәуір бөлігін басқарған Жапонияның "төрт ұлы отбасының" бірі болды.

Саяси ықпал: Фудзивара әулетінің мүшелері Үкіметте жоғары лауазымдарға ие болды және айтарлықтай саяси ықпалға ие болды. Олардың рөлі көбінесе Жапонияның сыртқы саясаты мен ішкі реформаларын анықтады.

Мәдени мұра: Фудзивара әулеті жапон мәдениеті мен өнеріне де айтарлықтай әсер етті. Олар әдебиеттің, поэзияның, кескіндеменің және жапон мәдениетінің басқа аспектілерінің дамуына ықпал етті.

Әлеуметтік маңызы: Фудзивара әулетінің ықпалы жапон қоғамының дворяндары мен ықпалды топтарының өмір салтын анықтай отырып, белгілі бір әлеуметтік құрылымдар мен нормаларды қалыптастырды.

Жалпы, Фудзивара әулетінің зерттеулері Жапония тарихының көптеген аспектілерін ашады және жеке отбасылардың, ұлттың қалыптасуы мен дамуына әсерін зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Фудзивара әулеті жапон тарихы мен мәдениетінің маңызды символы болып қала береді, сондықтан оның рөліне ерекше назар аударуға және зерттеуге лайық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

4. Бисли, В.Г. Жапондар Жапонияның қысқаша тарихы, Калифорния университеті, 1999 ж. 1-8 стр.
5. Жапонияның тарихы мен мәдениеті. М., 2001 ж, 26-62 стр.
6. Мещеряков А. Н. Возвышение рода Фудзивара// История и культура Японии. М.: ИВ РАН-Крафт, 2001, 98-105 стр.
7. Окагами-керемет айна. Ежелгі дәуірден бастап. , зерттеу. және Ком. Е. М. Дьяконова. Санкт-Петербург, 2000, 74-85 бет.
8. "Тайхоре" заңдар жинағы. 702-718 I-XV заңдар. Кіріспе мақала, ежелгі жапон тілінен аударма және К.А. Поповтың түсіндірмесі. М., 1985, 114-120 бет.
9. Фудзивара Отбасы, Минору Шинода, 2021, 15-22 бет.
10. Фудзивара Үйінің Тарихы: Тоши Кадиниц, Микаэль Бауэрдің зерттеу және аннотацияланған аудармасы, 2021, Ренессанс кітаптары, 54-72 бет.
11. Хэян кезеңіндегі фудзивара руы, Мариуш Дж, Камю Тарихы Редакциялық Бөлімі, 2023, 23-40 бет.

ӘОЖ 930.85

АРАБ ТАРИХНАМАСЫ ЖӘНЕ ИБН ӘЛ-АСИР «ӘЛ-КАМИЛ ФИ-Т-ТА'РИХ» ЕҢБЕГІ

Шайх Нурсултан Шинтемирулы

nurik1993sh@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – З.С. Ильясова

Мақалада атақты шығыс тарихшысы Ибн әл-Асир әл-Жазаридің (1234ж.) өмірі мен ислам әлемінің ғылымына қосқан үлесі, оның ислам әлемінің тарихында маңызды орын алатындығы зерттеледі. Ғалымның дипломатиялық тапсырмалар мен қызметтерді атқарғандығымен қатарғылыми жұмыстармен айналысқандығы қарастырылады. Оның Орталық Азия тарихын да зерттеп, ислам әлемінде өзінің тарихи еңбектерімен әйгілі болғандығы зерделенеді. Ежелгі дәуірден өз заманына дейінгі ислам әлемінің тарихын сипаттаған «әл-Кәмил фи-т-та'рих» атты еңбегінің зерттелу тарихына хронологиялық шолу жасалады.

Оның еңбектерінің дүние жүзіндегі тарихшылар мен ғалымдар арасында жетекші қайнарқоз екендігі талқыланып, тарих, теология, филология салаларын дамытқан тұлға екендігі қарастырылады. Ибн әл-Асирдің Орталық Азиядағы түркі халықтарының этникалық тарихына қатысты шығармаларын зерттеген ғалымдар мен қолжазбаның бүкіл кешенін орыс тіліне ғылыми-түсіндірмелі аударма жасаған ғалымдардың еңбектері зерттеледі.

Ислам дінінің таралуы мәдениеттің кең етек алуына жол ашты. VII ғасырдың соңынан бастап негізінен араб тілінде, сондай-ақ, парсы, түрік тілдерінде жеке халықтар мен әлем тарихы бойынша еңбектер жазылып, биографиялық сөздіктер құрастырылды. Тарихшы – мұсылмандар өз елдерінің тарихы мен мәдениетіне ғана қызығушылық танытқан жоқ, басқа елдерге аяхаттар жасап, сипаттап отырды.

Егер Батыс Еуропалық тарихнамада бірыңғай XI ғасырдан бастап қалыптасса, ал ислам тарихшылары оқиғаларды VIII ғасырдан бастап хронологиялық ретпен қойып белгілейді. Араб тарихнамасының негізгі дерек көздері тарихи ру-тайпалық шежірелер мен әртүрлі исламға дейінгі тарихи әңгімелер еді. Одан кейін Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекеті, діни-тарихи сюжеттер араб тарихнамасының маңызды тақырыбына айналды. Ортағасырлық мұсылман тарихнамасы тарихи процесті теологиялық тұрғыда түсіндіреді. Сонымен қатар олар тарихтағы жеке тұлғаның да ролін жоққа шығармайды.

Жоғарыда тарихи шығармалардың негізінде шежірелер жатты дедік. Соларды жинап алғаш рет құрастырғандар: *Мухаммед аль-Кальби* (763 өмірден озды). Кейін оны толықтырған оның баласы *Хишам* (819 өмірден озды), *Муарриджас Садуси* (811 өмірден озды), *Сухайм ибн Хафс* (806), *Мусаб аз-Зубайри* (851 өмірден озды), *Зубайр ибн Баккар* (870), *Ибн Хазм* (1030 өмірден озды), *аль-Калькашанди* (1355–1418).

Араб тарихнамасының алғашқы дәуірінің көрнекті өкілі *Мұхаммед аз-Зух-ри*(741/42 өмірден озды). Ол жиналған шежірелік және аңыз-әңгімелер негізінде саяси мәні бар Мұхаммед пайғамбардың әскери жорықтары жөнінде еңбек жазды. Осы тақырыпқа қалам тартқан екінші бір тарихшы *Ибн Исхака*(шамамен 704–768 немесе 767). Оның Пайғамбарымыз жөнінде жазған шығармасы кейінгі тарихшыларға үлгі болды.

Аль-Вакиди(747–823), *Ибн Сад* (өмірден озды 845), *Ибн Сайд ан-Наса*, *Нураддина аль-Халаби* тағы да басқалардың да еңбектерін атап өтпеске болмайды. IX ғасырдың екінші жартысында тарихи баяндау тәсілімен жазылған шығармалар пайда болды. Олардың ішіндегі ең көрнектісі *аль-Белазури* (шамамен 820 – шамамен 892); *Абу Ханифа ад-Динавери* (895 өмірден озды) және *аль-Якуби* еңбектері. Анналдар түрінде жазылған бұл шығармаларда әлем тарихына шолу, мұсылман қауымы тарихының алғашқы кезеңі, араб әскерінің жорықтары және Халифаттың саяси тарихы сөз болады. Бұл жанрдағы ең ірі шығарма *ат-Табаридің* (838 немесе 839-923) көп томдық «*Пайғамбарлар мен патшалар тарихы*». Толық аты *Абу Джафар Мухаммад ибн Джарір ат-Табари*. Оны кейде мұсылман тарихнамасының атасы деп те атайды.

Тарихи шығармалардың *дидактикалық маңызын араб тарихшылары* жақсы түсінді. Осындай шығармалардың бір түрін жазған *Ибн Мискавайх* (103 жылы қайтыс болды.) *аль-Масуди* (957 қайтыс болды), *Хамзы аль-Исфхани* (X ғасырдың бірінші жартысында қайтыс болды), *Ибн Мискавайха*, *Ибн аль-Асира* (1160–1233), тағы басқа осы сияқты авторлар әлем тарихын түсінуге тырысты. Бұл ғалымдардың энциклопедиялық білімі, өмірге деген көзқарасы олардың жазған еңбектерін бүкіл әлемге паш етті.

Араб тарихнамасының бір ерекшелігі – ондағы өмірбаяндық еңбектердің басымдылығы. *Яқут, Ибн Халликан* (1211-1282) және *ас-Сафади* (1296/97 - 1363), *Ибн аль-Кифти* (1172–1248) және *Ибн Абу Усайби* (1203-1270) тағы да басқа тарихшылар саяси, мәдени философия, медицина қайраткерлері жөнінде баға жетпес құнды дүниелер қалдырды.

Ибн Халдун (1332–1406жылдары) – XIV–XV ғасырлар белесінде өмір сүрген математиктердің арасынан бірінші болып қоғам дамуын талдады. Ол әр-түрлі қоғамдардың құрылымындағы айырмашылықтардың себептерін айқындады. Себептердің бірінші түрі – бұл психологиялық құбылыс, ол сезімтал, отбасындағы және тайпадағы жеке мүшелері мен топтарын байланыстыратын себептердің сипатын анықтайды. Екінші түрі – экономикалық құбылыс, табиғи және географиялық жағдайлармен, еңбек, қолөнер және өнер бөлінісімен байланысты болады. Себептердің үшінші түрі – саяси құбылыстар, яғни билікке иелер мен билікке бағынатындар арасындағы қарым-қатынастар, меншік құру, өкіметтің, мемлекеттің пайда болуы. Ибн Халдун қоғамның экономикалық дамуының нұсқалары туралы бірқатар пікірлер айтқан. Ол адам өндіруші және меншік иесі болған кезде ғана қоғамдық тіршілік иесі болады деп түсінді.

XIV ғасырда тарихшы *Ибн Халдун* (1332–1406 жж.) тарихи оқиғалардың өзара байланысын, араб, бербер, парсы, византия қоғамдарының пайда болуын, дамуын және құлдырауын зерттеді. Ол өз «Кіріспесінде» түрлі мәдениеттерді дамыған немесе дамымаған деп бөлмей, кез келген қоғамның жағдайын «өркениеттілік» (*умран*) деп сипаттайды. Ибн Халдунның айтуынша, кез келген қоғам көшпелі және отырықшы өмір салтының арасында болады. Ол мәдениет экономикалық және саяси процестердің ықпалымен дамиды деп есептеді.

Ибн Халдун өз еңбегін асабия терминіне түсініктеме беруден бастайды. *Асабия* – ұжымдық ынтымақтастыққа негізделген көшпенді–бедуиндердің рулық немесе тайпалық бірлестіктері.

Әбу-л-Хасан ‘Әли ибн Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн ‘Әбд әл-Кәрім ибн ‘Изз әд-дин Ибн әл-Асир әл-Жазари (555–630/1160–1234) деген атпен белгілі ғалым 1160 жылы қазіргі Жизреде дүниеге келіп, 1233 жылы Мосул қаласында қайтыс болған. Мосулдан Месопотамиядағы Тигр өзеніне дейінгі аймақты қамтыған бұл жағрапиялық орынға байланысты оның нисбасы әл-Джазари деп те аталған. 1160 жылы қазіргі Ирақтың Мосул қаласында туып, 1233 жылы қазіргі Сирияның Дамаск қаласында қайтыс болды деген деректер де бар. Ибн Халликан оның нақты туған күнін – 555/1160 жылдың Жумад ал-ула айының 4-ші күні яғни 13 мамыр деп берген.

Ал толық есіміне келер болсақ, оның аты-жөні: Әбу-л-Хасан ‘Әли ибн Мухаммад әл-Камал әл-Халжи әш-Шайбани әд-Димашқи деген атқа ие. Еңбегін араб тілінде жазған Ибн әл-Асиратақты зиялы отбасынан шыққан арабнемесе күрдтарихшысы, өмірбаяншының еңбектері ислам әлемінің тарихында маңызды орын алады [1, 587 б.].

Әкесі Әбу-л-Карам Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн ‘Әбду-л-Кәрім ибн ‘Әбд әл-Уахид әш-Шайбани Мосулдың зәңгіт үкіметінің жоғары лауазымды тұлғаларының бірі болып, «фа’ис әл-диуан» қызметі мен Жизре қаласындағы Мосул уәзірінің қызметін атқарған. Ол мемлекеттік қызметпен қатар саудамен де айналысып, Мосулдың оңтүстігіндегі Жазира-ибн‘Омар төңірегіндегі Каср Харб ауылында жер учаскелеріне ие болған. Оның үш ұлының әрқайсысы ислам әлемінің теология, тарих, филология салаларында үлкен жетістіктерге жеткен. Оның ортаңғы ұлы ‘Изз ад-дин Ибн әл-Асир болды. Оның үлкен ағасы Әбу-с-Са‘адат әл-Мубарак ибн Мұхаммед әл-Жәзери Мәжд әд-дин (1149–1210жж.) деген лақап атпен танымал болған тұлға, тәпсір саласындағы әйгілі ғалым. Ол құран, фикһ, хадистану және араб грамматикасына кеңінен түсіндірме (шарх) жазған. Ибн әл-Асирдің ағалары Мадж ад-динмен Зия ад-дин Зенгидтер мен Айюбилер тұсында мемлекеттік маңызды қызметтерді атқарған.

Ибн әл-Асир Жизре аймағында алғаш рет жергілікті атабек Дуреддин Арсланшахтың қол астында біршама уақыт қызмет етіп, өмірінің соңғы жылдарында тек ғылыми жұмыстармен айналысқан. Мосул, Иерусалим, Дамаск қалаларында оқып, Бағдат халифаларының маңында дипломатиялық тапсырмалар мен қызметтерді атқарған. Ибн әл-Асир білімін жетілдіру

мақсатында Ирак, Сирия, Палестина, Хиджаз аймақтарын саяхаттап қана қоймай, Орталық Азия тарихын да зерттеп, тереңінен зерделеген тұлға[2,376.].

Аталмыш ғалым сол кездегі ең таңдаулы мықты ғалымдармен жақсы қарым-қатынаста болған. Дүние жүзіндегі тарихшылар мен ғалымдар ислам тарихы мен мәдениетін зерттеу үшін оның еңбектерін негізгі жетекші қайнаркөз ретінде пайдаланады. 1188–89 жылдары 28 жасында Сирия мен Иерусалимдегі крестшілерге қарсы Салах ад-дин әскерімен бірге бірнеше шайқастарға қатысады. 1193–94 жылдары ол Мосулға оралып, өмірінің басым бөлігін сонда өткізді. Өзін толығымен ғылымға арнаған ол хадистерді талдап, халыққа жеткізіп, әдебиеттерді зерттеп, тарихи-ғылыми еңбектер жазды. Оның үйі Мосулдың ғалымдары мен жазушылары, қала қонақтарының бас қосатын орнына айналды. Оның сөздерінен көптеген мухаддистер (хадистерді жеткізуші) мен басқа да ғалымдар пайдаланып, ислам қоғамында кеңінен, ауқымды тақырыптарға айналған мәселелерді талқылады.

Сол кезеңдегі зәңгіт билеушілері сарайында біраз уақыт уәзір қызметін атқарған Ибн әл-Асир Мосулдың атабектеріне сенімді әрі жақын адамына айналды. Мосулдық атабектер оған маңызды саяси мәселелерді шешуді бірнеше рет тапсырып, Бағдадқа жоғары лауазымды мемлекет қайраткерлері мен шенеуніктеріне елші етіп жіберіп отырды[3, 146.].

Өмірінің соңында 1228–1231 жылдары ол Сирияға аттанып, онда Алеппо (Халеб) қаласы билеушісінің құрметті қонағы болып, бірнеше жыл сонда өмір сүрді. Шихаб әд-дин Тоғрул әл-Хадим Атабек Мәлік әт-Тавашоған үлкен құрмет көрсеткен. Бұл жерде Ибн әл-Асир басқа араб тарихшысы және өмірбаяншысы 18 жастағы Ибн Халликанмен (681/1282–83жж.) кездеседі. Кейіннен ол Ибн әл-Асирдің досына айналып, ол туралы жақсы пікірлерін қағазға түсіріп отырды. Тарих, теология салаларындағы білімін жетілдіру үшін 1229 жылы Ибн әл-Асир Дамаскке барып, онда ол бір жылдай өмір сүріп, 1230 жылы Алеппоға, содан кейін Мосулға оралды. Алеппода атақты араб географы, филологы Якут әл-Хамауимен (626/1229ж.) кездеседі. Якут әл-Хамауи оған өзінің қайтыс болғанынан кейін жеке кітапханасы мен қолжазбаларын ислам қоғамына жеткізуді өтінеді. Алайда Ибн әл-Асир бұл өтінішті қабылдағанымен, оның өтінішін орындай алмайды. Өйткені көп ұзамай ғалымның өзі 630/1234 жылы 6 маусымда шағбан айының 25-і күні 75 жасында қайтыс болады. Ибн әл-Асир ислам хадистері мен арабтардың шежірелерінің үлкен білгірі болған, бірақ оның атағын өзінің тарихи еңбектері шығарды. Ибн әл-Асирдің өзі айтқандай, ол еңбектерінің негізгі бөлігін өзінің туған ауылы Каср Харбта жазған.

В.В.Бартольд Ибн әл-Асирдің еңбектерін жоғары бағалай отырып, ол сол кезде сирек кездесетін, асқан саналылықпен және сыншылдықпен жазылғандығын, өз жұмысы үшін барлық жерден орасан зор материалдар жинағанын атап өтеді [4, 162б.].

Бір-біріне қарама-қайшы екі дереккөздің қайсысына артықшылық беруді таңдау қиынға соғатын жағдайларда, ол екі оқиғаны да мысалға келтіріп, автор оқырманға сыни пікір тәсілін қолдануға мүмкіндік беріп кетеді. Ол саяси оқиғалардың тарихын көрсетумен шектелмей, шығыс халықтарының мәдени тарихынан да мәліметтер береді. Оларқылы берілген әртүрлі дәуірлерде үстемдік еткен идеялар, тарихи тұлғалар мен әдебиет қайраткерлерінің шынайы болмысы туралы берілген мағлұматтарды тиянақты түсіне аламыз. Ибн әл-Асирдің еңбегі көптеген жазба ескерткіштер деректеріне негізделгендіктен өз заманында белгілі араб-мұсылман дереккөздерінің барлық тарихи мәліметтерінің жиынтығы болып табылады. Ол әт-Табаридің еңбегі мен Ибн әл-Асирдің еңбегі арасында сабақтастықтың бар екендігі, ислам тарихының алғашқы ғасырларында алғашқы дереккөздер арасында екі еңбектің де маңызды орынға ие екенін байқауға болады. Әбу Жа‘фар ат-Табари өз еңбегінде дереккөздердің барлығының жиынтығын беруді мақсат етіп, араб-мұсылман авторларының тарихи мәліметтерін беруге тырысты. Алайда автор көбінесе кешенді сынның жоқтығынан өз дереккөздерін қайта жазумен шектелгендігі байқалады. Мұхаммед ибн Джарир әт-Табаридің бірқатар дереккөздерінің түпнұсқалары Ибн әл-Асирдің қолында болды. Ол көбінесе әт-Табари еңбегінде жетіспейтін тарихи мәліметтерді беріп отырды. Оның артықшылығы осы әдісті қолдануында еді.

Тек Ибн әл-Асирден 751–52 жылдардағы арабтар мен қытайлардың Орта Азияның батыс бөлігінің болашақ тағдырын шешкен қақтығысының егжей-тегжейлі баяндалғанын табамыз. Басқа дереккөздер, соның ішінде әт-Табариде бұл туралы мәліметтер мүлдем айтылмайды. Ал Ибн әл-Асирдің мәліметтерін Қытайдың «Таңшу» («Таң династиясының тарихы») тарихи шежіресі толық растай түседі. Ол әт-Табаридің еңбегін Мысыр, Солтүстік Африка және Испания тарихына қатысты оқиғаларды көрсетумен толықтырды. Оның жүйелі түрде дереккөз ретінде пайдаланған тарихи еңбектерінің ішінде бағдаттық атақты тарихшы Ахмад ибн Яхья ибн Джабир әл-Балазуридің(279/892ж.) бүгінгі күнге дейін сақталған және 1959 жылы Мысырда жарияланған «Ансаб әл-ашраф» («Асылдардың шежіресі») өмірбаяндық еңбегін де атап өткен жөн.

Тарихта Әбу ‘Абдуллаһ Мұхаммед ибн әл-Азһар әл-Ахбаридің(936–37жж.) бізге жеткен тарихи еңбегін Ибн әл-Асир мен Ибн Халликан да пайдаланғандығы белгілі. Ибн әл-Асир еңбегінің қалған қайнаркөздері автордың сілтемелерінің аздығынан түсініксіз болып қалады. Сонымен Ибн әл-Асирдің еңбегі Х ғасырдан басталатын кезеңде болған тарихи оқиғаларды зерттеу үшін ерекше маңызға ие. 1230–31 жылдарға дейін жеткізген оқиғаның соңына дейінгі зерттеуінде ғалым әт-Табари тарихының сан алуан жалғасы мен кейбір аймақтық шежірелерді түгел пайдаланғандығы байқалады [5, 46б.].

Ибн әл-Асирдің өмірі мен заманы моңғол шапқыншылығы дәуіріне сәйкес келгендіктен (автор әрі тарихи оқиғалардың куәгері болған), осы кезең үшін оның еңбегі негізгі дереккөз болып табылады. Ибн әл-Асирдің жазбаларынан басқа, моңғол шапқыншылығына байланысты оқиғалар Шихаб әд-дин мен Мұхаммед ибн Ахмад ән-Насауи(1249ж.) еңбектерінде сипатталған. Бұл туралы мәліметтер «Хорезмшах Жалал әд-дин Мангубердидің даналық сипаттамасы» және әйгілі «Насир кестелерін» жазған Минхадж әд-дин Әбу ‘Омар ‘Осман ибн Мұхаммед әл-Жузжани(1260ж.) еңбектерінде де кездеседі. Бұл факт өз алдына Ибн әл-Асир шежіресінің моңғолдардың ислам елдерін, соның ішінде Орталық Азияны жаулап алу тарихы үшін маңызын айқындай түседі. Ибн әл-Асир өз еңбегінде ауызша ақпарат алған кейбір дереккөздерін атайды. Сөйтіп, ондай хабарлаушылардың ішінде моңғол шапқыншылығы кезінде Бұхарада болған белгілі бір заңгерді атайды. Жаулап алушылар оны тұтқынға алып Самарқанға апарып, олардан қашып, Бағдатқа жетеді. Хорезм саудагерлері де осы оқиғалар туралы Ибн әл-Асирдің хабаршысы болған. Басқа ақпарат беруші Ибн әл-Асир моңғолдардан қашқан хорезм әскерлерінің шабуылының құрбаны болған ол Дакук қаласының тұрғыны еді.

Ибн әл-Асирдің тағы бір хабаршысы Әбу Бәкір Тәж ад-динге қызмет еткен Мосул жауынгері болды. Хорезмшах ‘Ала’ әд-дин Мұхаммед ибн Текештің әмірлеріарасындаИбн әл-Асирдің хабаршылары Хорасаннан оралған және оның сарайында Хорезмшах ‘Ала’ әд-дин Мұхаммед ибн Текешпен кездескенін хабарлаған Мәдинадағы «пайғамбар үйінің» қызметшілерінің бірі деп те аталады.

Болған оқиғалардың әртүрлі нұсқаларын келтіре отырып, Ибн әл-Асир әт-Табариге қарағанда сыни көзқарасты қолданып, ислам әлемінде кеңінен тараған «бірақ Аллаһ жақсырақ біледі» деген сөзтіркесіне жүгінбей, өзіндік тұшымды тұжырымға келе білген. Мысалы, моңғолдардың Бұхараны жаулап алуы туралы әңгімеде Ибн әл-Асир екі нұсқаны келтіреді, бірақ оның өзін сенімдірек санап, екіншісін артық көретінін атап өтеді [6, 307б.].

Осылайша, Ибн әл-Асирдің еңбегі жинақталғанына қарамастансипаты Х ғасырдың ортасына дейін болған оқиғаларды көрсетуде жалпы және арнайы мәселелерді зерттеу үшін өзінің дербес мәнін сақтайды. Шығарманың Х ғасырдың екінші жартысынан XII ғасырдың ортасына дейінгі оқиғаларды сипаттайтын екінші бөлімінде Ибн әл-Асир жартылай белгілі еңбектерден, ішінара бізге жетпеген белгісіз еңбектерден мәліметтерді пайдаланады. Ибн әл-Асир бастапқы дереккөздің және мұнда келтірілген ақпараттың түпнұсқалық мәндеріне сипаттама береді. Бұл ретте, Ибн әл-Асир өз еңбектеріндегі кейбір қателер мен дәлсіздіктерден аулақ болғанын айта кеткен жөн.

Ибн әл-Асир әл-Жазари тарих, теология, құқық салаларындағы еңбектері арқылы ислам әлемінде маңызды орын алды. Оның құқық пен теологияға арналған еңбектері исламдық ой-пікірдің дамуына зор үлес қосты. Оның ислам әлеміндегі беделі өте жоғары болып, оның еңбектері бүгінгі күнге дейін ислам ғалымдары мен тарихшылары үшін маңызды қайнаркөздері болып қала береді. Еңбектерін атап өтер болсақ. Олар:

««Сирия Атабектерінің тарихы» / «Ат-та'рих әл-бахир фи ад-даулят әл-атабикия – (التاريخ الباهر في الدولة الاتابكية)», «Geschichte der Atabekiden» (Гилдбург, 1793)» деген атпен жарияланған. Кітап үзінділерін Рено аударған, де Гинем (Guignes) «Notices et extraits» (I том) кітабында талқылаған.

«Тарихтың толық жинағы» / «Китаб әл-камил фи-т-та'рих» / «الكامل في التاريخ» – көне тарихтан 1230 жылға дейінгі жалпы тарих, оның бірқатар тарауларында Ибн әл-Асир орыс, бұлғар, аландар, қыпшақтар мен татарлар сияқты халықтардың географиялық ареалдары туралы мәлімет берген (Joseph-François Michaud(1829), Carl Johan Tornberg (1851)сынды ғалымдар бұл еңбекке түсіндірме жазған).

«Китаб әл-Лубаб» / «اللباب في تهذيب الانساب – еңбегінен Вюстенфельд «Specimen al-Lobabi, sive Genealogiarum» (Göttingen, 1835) деген тақырыппен бірқатар үзінділер жарияланған.

«Орман арыстандары: Мұхаммед пайғамбардың сахабаларының білімдері» / «Асад әл-Ғабат фи ма'рифат әс-Сахаба» / «أسد الغابة في معرفة الصحابة» атты еңбегінде автор Мұхаммед пайғамбардың 7500 сахабалары туралы мәлімет береді (1869 жылы Каир қаласында жарық көрген) [7, 936.].

Олислам әлемінде өзінің тарихи еңбектерімен, соның ішінде ежелгі дәуірден өз заманына дейінгі ислам әлемінің тарихын суреттейтін басты еңбегі «Китаб әл-кәмил фи-т-та'рих» / «Толық тарихи жинақ») тарихи-географиялық еңбегі ғалымның ислам дәстүріндегі ең ауқымды тарихи еңбектерінің бірі болып табылады. Бұл еңбек XIII ғасырдың тарихына арналған исламға дейінгі дәуір мен моңғол дәуіріне дейінгі кезеңді қамтитын негізгі қайнаркөз. Мұсылман әлемінің қалыптасуынан бастап өз заманына дейінгі кезеңдердің тарихын қамтыған еңбекті Ибн әл-Асир 1198–99 жылдарға дейін жаза бастағандығы, бастапқыда бұл еңбектің «әл-Мустақса» деп аталғандығы туралы да пікір бар. Араб халифатының және исламның барлық елдерінің «дүниенің жаратылуы» деп аталатын кезеңнен басталып 1230–31 жылдарға дейінгі тарихты қамтитын әмбебап жанрға жататын, шежіре жүйесі бойынша белгіленген тарихи еңбек. Бұл еңбек мұсылман шежірелік тарихнамасының ең жоғары деңгейдегі жазылған негізгі қайнаркөз болып табылады.

Атақты жағрапияшы Якут әл-Хамауидің «Му'жам әл-булдан» («Елдер сөздігі») еңбегі өз заманында (XIIIғ.) «жинақ» болып саналып, географиялық әдебиет саласында кешенді еңбек болса, одан кейінгі оның замандасы Ибн әл-Асирдің «әл-Камил фи-т-та'рих» еңбегі де ислам тарихында маңызды орын алды. Ибн Халликан Ибн әл-Асирдің еңбегін мұсылман әлемінің тарихы бойынша жазылған ең атақты еңбектердің бірі деп санайды. Еңбектің алғашқы жеті томында баяндалған исламға дейінгі кезең мен исламның алғашқы үш ғасырының тарихын өз тарихын хижраның 302 жылға дейін жеткізген Әбу Жа'фар Мұхаммед ибн Джарир әт-Табаридің(310/923ж.) «Та'рих ар-русул уа-л мулуук» («Пайғамбарлар мен патшалар тарихы») еңбегін Ибн әл-Асир негізгі дереккөз етіп алады. Еңбектің үлкен қызығушылық тудыратын тұсы IX –XIII ғасырларды қамтитын оқиғалардың сипаттамасы. XIII ғасырдың ортасына дейінгі өмір сүрген Орталық Азиядағы Саманиттер мен Қарахандар, Селжұқтар мен Ғазнауилер, Гуриттер мен Хорезмшахтар, Хулагуиттер династиясының тарихтары туралы құнды мәліметтер осы еңбекте мазмұндалған.

Араб тілінде жазылған тарихтағы осы көп томдық еңбектің бірнеше қолжазба көшірмелері, оның әлемнің әртүрлі қолжазба қорларында сақталған жеке томдары бізге жетті. Бірнеше қолжазбалар негізінде аудармалар жасалған Ибн әл-Асир шығармасының толық сыни мәтінін 1851-1876 жылдары еуропалық шығыстанушы С.Торнберг[8] он төрт томдық еңбекте басып шықты. Сондай-ақ, Ибн әл-Асирдің бірнеше араб басылымдары (соңғыларының бірі 1987 жылы

Бейрутта басылған) бар. Ибн әл-Асирдің 1901-1907 жылдары Хиуа ханы Мұхаммед Рахимхан II (1865-1910жж.) бұйрығымен ибн әл-Асирдің 12 томдық Египет басылымы негізінде аудармашылар тобынан аударылған ескі өзбек тіліндегі шығармасының толық аудармасы бар. Бұл аударманың түпнұсқа және оның бірнеше көшірмелері Өзбекстан Республикасы Әбу Райхан Беруни атындағы Шығыстану институтының қолжазба қорында сақталған.

XIX ғасыраяғы мен XX ғасырдың басында Ресейде Ибн әл-Асир қолжазбаларынан жеке үзінділері аударылса, В.Г. Тизенгаузеннің [9] аудармасы негізінде моңғол шапқыншылығы тарихына байланыстықолжазбаның кейбір бөліктері де жарық көрді. Алжирлік ғалым Е. Фагнан Ибн әл-Асирдің Мағриб пен Испания елдерінің тарихына қатысты шығармаларының француз тіліне ғылыми-түсіндірме аудармасын жасады. 1904 жылы болса дат ғалымы И. Ойстрап ибн әл-Асирдің моңғол шапқыншылығына дейін және моңғол шапқыншылығы кезеңдерін қамтитын шығармасының бір бөлігін зерттеді. Ал 1904-05 жылдары түрік ғалымы Шереф әд-дин [10] Ибн әл-Асирдің әулеті мен оның ғылыми мұрасы туралы зерттеу жарияласа, Ибн әл-Асир мен ат-Табари еңбектерінің өзара байланысы мен арақатынасы туралы мәселені неміс ғалымы К. Броккельман да өз ғылыми зерттеуінің нысаны етіп алған.

1939 жылы ресейлік шығыстанушылар И.Н.Леманов пен С. Волин түркімен халқы мен Түркіменстан тарихына қатысты Ибн әл-Асирдің шығармаларынан үзінділерді орыс тіліне аударса, 1940 жылы П. Жузе [11] Әзірбайжан тарихы бойынша орыс тіліне аударма жасады. 1973 жылы К. Б. Старкова [12] қырғыздар мен Қырғызстан тарихына қатысты қолжазба үзінділерін орыс тіліне аударды. Ибн әл-Асирдің тарихи дерек көздері туралы мәселені О. Б. Фролованың [13] зерттеу жұмысында көре аламыз. 1982 жылы ағылшын ғалымы Д. С. Ричардс [14] ибн әл-Асирдің еңбегінің соңғы бөліктерінің негізгі қайнаркөздері мен әдістемесін зерттеді. 1986 жылы А. Юлдашев [15] Тәжікстандағы Ходженд қаласының тарихына қатысты Ибн әл-Асирдің шығармаларынан алынған үзінділердің орыс тіліне аудармасын жасады. 1988 жылы Б. Вахабова [16] Әбу Муслим билігі кезіндегі оқиғаларға қатысты Ибн әл-Асирдің шығармасынан алынған орыс тіліндегіфрагменттерін жариялады. Ескі өзбек тілі аудармасынан Ибн әл-Асирдің Орталық Азиядағы түркі халықтарының этникалық тарихына қатысты шығармалары жарық көрді [17]. Ибн әл-Асирдің тарихи еңбегі белгілі бір аймақтардың тарихына қатысты немесе белгілі бір хронологиялық кезеңдегі оқиғаларды қамтитын оның кейбір бөліктерін аударып, зерттеген көптеген ғалымдардың назарын аудартты.

Орталық Азия тарихына қатысты Ибн әл-Асир мәліметтерінің бүкіл кешенін орыс тіліне ғылыми-түсіндірмелі аударма жасаған, аударма мен ғылыми түсініктемелердің негізгі бөлігін белгілі араб және шығыстанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор П.Г. Булгаков [18] жасады. П.Г. БулгаковИбн әл-Асирдің шығармаларын бұрын жариялаған басқа зерттеушілер еңбектерін де қамти білген. Себебі бұл еңбектерде бірнеше жолдан тұратын кішігірім дәйексөздер мен үзінділер ескерілмегендігін көрсетіп жазады. П.Г. Булгаковтың аудармасы Ибн әл-Асирдің Орталық Азия тарихына қатысты барлық дерлік бөліктерін қамтиды. Алайда, ол өзінің аудармасын соңына дейін жеткізе алмады. 750-51 жылдан 1231 жылға дейінгі оқиғаларды қамтитын шығарманың қалған бөліктерінің аудармасын оның шәкірті Ш. С. Камолиддин жүзеге асырды.

Ш. С. Камолиддиннің зерттеу жұмысы барысында негізгі еңбек 1883-1885 жылдардағы Египет басылымына негізделіп (*Ибн әл-Асир шығармасының араб басылымының мәтіні бойынша*), С. Торнбергтің сыни басылымының үзінділері мен Ибн әл-Асирдің сыни мәтінінің соңғы Бейрут басылымы да қолданылған.

Ибн әл-Асирдің «әл-Камил фи-т-та'рих еңбегінің таңдаулы үзінділері

Содан жүз тоқсаныншы жыл келді

«Осы [жылы] Ферғана патшасымен қақтығысқа түседі, Ферғана басшысы Қытай патшасынан көмек сұрады, ол одан бас тартпай, оны жүз мың әскермен қолдады. Олар Шаш патшасынқоршауға алды, ол Қытай патшасына бағынды және оның халқына зиян тигізбеді. Бұл

хабар Әбу Муслимге жетіп, Зияд ибн Салихты оларға қарсы жіберді. Тараз өзенінде кездесіп, мұсылмандар оларды талқандап, елу мыңдайын өлтіріп, жиырма мыңдайын тұтқынға алды, қалғандары Қытайға қашады. Бұл оқиға жүз отыз үшінші жылдың зул-хиджа айында болды» [17, 136б.].

Содан бір жүз сексен екінші жыл келді.

Биыл [Харун] ар-Рашид 'Абдуллаһқа ант берубұйырды. Ма'мун әл-Аминнен [халифа] кейін оны тағының мұрагері етіп, оны Хорасан мен оған жақын Хамаданға дейінгі жерлерге билеуші етіп тағайындады. Оған «әл-Ма'мун» деген құрметті лақап атын беріп, оны Жа'фар ибн Яхьяның [әл-Бармакидің] қамқорлығына тапсырды.

Содан жүз тоқсаныншы жыл келді.

«Осы жылы Трансоксиана - Самарқандта Рафи'ибн әл-Ләйс ибн Наср ар-Рашидкеарсы шыға бастады. Бұған Яхья ибн әл-Аш'ас ибн Яхьяат-Та'идің әкесі жағынан туған ағасы Әбу н-Ну'манныңқызынауүйленуіжәнеоның бай әрі шешен болуы себеп болды. Содан кейін ол оны Самарқандқа тастап, Бағдадқа орналасып, кәнизактар алды. Бұл жағдай ұзаққа созылғанда, ол одан құтылуды шешті. Оның басынан өткен оқиға Рафи'ғажетті де, ол оған және оның мал-мүлкіне көз салды. Ол оған біреуді жіберді, ол күйеуінен құтылудың басқа жолы жоқ екенін айтты, олар оның [үйленгенде] көп құдайшылықты мойындап, кейін өкінетініне куәлік беретін куәгерлерді табудан басқа. Сонда оның бұл некесі бұзылып, ол [жаңа] некеге еркінді қалады. Ол солай етті де, Рафи'оған үйленді. Бұл туралы хабар Яхья ибн әл-Аш'асқа жетеді. Ол 'Али ибн Иса ибн Маханға хат жазып, оған бұйрық берді оларды бір-бірінен ажыратып, Рафи'ді жазалап, оны жазаға кесті, оның жазасы шынжырға байлап, басқаларға ескерту ретінде Самарқанда есекке теріс мінгізді» – деген мағлұматтарды ғалым еңбегінен кездестіреміз [18, 176.].

Бұл жерде Ибн әл-Асир Орталық Азия мен оған жақын аймақтардың ортағасырлық тарихын «әл-Камил фи-т-та'рих» еңбегінде кеңінен көрсете білген. Сонымен қатар ғалым әр бір географиялық атаулар мен тарихи оқиғаларды тиянақты етіп, тарихи фактілермен жаза білген.

Мақаламызды қорыта келе, көп томдық тарих еңбегінің бірнеше қолжазба көшірмелері бізге жеткен. Араб тілінде жазылған жалпы тарихқа арналған еңбек және оның кейбіреулері дүние жүзіндегі әртүрлі қолжазба қорларында сақталған. Толық негізделген Ибн әл-Асир еңбегінің сыни мәтіні мен бізге жеткен бірнеше қолжазбалары 1851 жылы 14 том болып басылды. 1876 жылы Еуропалық шығыстанушы С.Торнберг Ибн әл-Асир шығармасының араб тіліндегі бірнеше басылымын жарыққа шығарды. Ибн әл-Асирдің еңбегі ескі өзбек тіліне, 1901–1907 жылдары Ибн әл-Асирдің еңбектері негізінде 12 томдық Египет басылымы Хиуа ханы Мұхаммед Рахим II-нің(1865–1910жж.) бұйрығымен аудармашылар тобы тарапынан аударылды. Осы аударманың түпнұсқасы және бірнеше оның көшірмелері Әбу Райхан Беруни Шығыстану институтының қолжазба қорында сақтаулы тұр. Ибн әл-Асирдің жұмысы ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарын аудартады. Оның еңбегінің жекелеген бөліктерін аудару мен зерттеуді жүзеге асырған шығыстанушылардың еңбектері орасан зор.

Бұл аудармалар мен зерттеулердің барлығы әртүрлі басылымдарда, әртүрлі уақытта және әртүрлі тілдерде жарияланғандықтан келешекте ауқымды зерттеулерді қажет ететіндігі белгілі. Сонымен қатар, жарияланған аудармаларда ибн әл-Асир мәтінінің шынайы мағынасын бұрмалайтын дәлсіздіктер мен қателіктер жиі жіберілді. Сондықтан қазіргі кезеңде Орталық Азия халықтарының тарихына қатысты Ибн әл-Асирдің шығармасындағы барлық мәліметтер кешенін жалпылама зерттеу мен нақтыланған ғылыми-түсіндірмелі аударманы жүзеге асырудың маңызы зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Brockelmann C. Geschichte der Arabischen Litterature. Erster Supplementband. Leiden, 1937. – 1072.

2. ‘Издад-динАбу-л-Хасан ‘АлиибнМухаммадИбнал-Асираш-Шайбаниал-Джазари. Ал-Камилфи-т-тарих /Изд. Абу-л-Фида ‘АбдАллахаал-Кади (I – III тома) иМухаммадЙусуфа ад-Даккака (IV – X тома). В 10 томах.Бейрут, 1987. – 244.
3. Собрание восточных рукописей Института востоковедения АН РУз. Т. 1. Ташкент, 1954. Инв. № 10 – 18.
4. Бартольд. В.В.Туркестан в эпоху до монгольского нашествия. Сочинения. Т.1. М., 1963. – 763.
5. Ибн ал-Асира // Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды в переводахВ.Г.Тизенгаузена. Т. 1. Извлечения из сочинений арабских. СПб., 1884. – 452.
6. Извлечения из «ал-Камил фи-т-тарих» Ибн ал-Асира. Перевод с арабского И.Н.Леманова и С.Волина //Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т.1. VII – XV вв. Арабские и персидские источники. М.; Л., 1939.– 409.
7. Ибн ал-Асир. Китаб ал-Камил фи-т-тарих (Перевод с арабского Б.Вахабовой) // Материалы по историиСредней и Центральной Азии X – XIX вв. Ташкент: Фан, 1988. – 587.
8. Ibn al-Athir. Annales du Maghreb et de l’Espagne. Trad. et annote par E. Fagnan. Revue Africaine. XI. XLI. Alger. 1901.
9. Kestrup I. Arabiske Kroniker til Korstogenes Periode 1098—1293 oversatte efter Ibn al-Athir eg. Abu Shama. Kopenhagen. 1904.
10. Seref ed-din. Ibn Esir. Stambul. 1322/1904-05.
11. Материалы по истории Азербайджана из Тарих ал-Камиль (Полного свода истории) Ибн ал-Асира [перевод с арабского П.Жузе]. Баку, 1940.
12. Извлечения из «ал-Камил фи-т-тарих» Ибн ал-Асира. Перевод с арабского К.Б. Старковой // Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. 1. М., 1973. С. 52—76.
13. Фролова О.Б. Источник летописи Ибн ал-Асира (XII в.) в разделах, посвященных истории народов СССР / Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. А.: АГУ, 1954.
14. Richards K.S. Ibn al-Athir and the Later Parts of the *Kamil*: A Study of Aims and Methods. In: Medieval Historical Writing in the Christian and Islamic World. London, 1982, pp. 76—108.
15. Юлдашев А. Ходжент в «ал-Камил фи-т-тарих» Ибн ал-Асира // Исследования по истории и культуре Ленинабада. Душанбе, 1986. С. 101— 107.
16. Ибн ал-Асир. Китаб ал-Камил фи-т-тарих (Перевод с арабского Б. Вахабовой) // Материалы по истории Средней и Центральной Азии X—XIX вв. Ташкент: Фан, 1988. С. 93—94.
17. Ибн ал-Асир. «Ал-Камил фи-т-тарих» (перевод со староузбекского Б. Ахмедова) // Материалы по истории тюркских народов Центральной Азии. Ташкент: Фан, 2003. С. 136—190.
18. Ибн ал-Асир. Ал-камил фи-т-тарих («избранные отрывки»). Перевод с арабского языка, примечания и комментарии П.Г.Булгакова. Дополнения к переводу, примечаниям и комментариям, введение и указатели Ш.С.Камолиддина. Академия наук РеспубликиУзбекистанИнститут Востоковедения им. Абу РайханаБеруни. Ташкент – Цюрих, 2005. – 604.

УДК 316.870

ПОЛИТИЧЕСКАЯ РОЛЬ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ ИРАНА И САУДОВСКОЙ АРАВИИ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Шокутов Алмаз Куанышевич

shokutov@mail.ru

магистрант факультета международных отношений
ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан